

топонимдер мен антропонимдер туындауына әкелді. Болашақта ономастика зерттеулері экономикалық тарих пен әлеуметтік динамиканы біріктіретін интердисциплинарлы жобаларға айналса, өңір тарихының толыққанды бейнесін жасауға көмек болады. Үшіншіден, идеологиялық өзгерістер мен атаулардың қайта атауы қоғамдық идентичностьке әсер етеді. Тәуелсіздік кезеңінде кей атаулардың қайта қаралып, ұлттық тарихқа сәйкес келетін нұсқаларды қалпына келтіру үрдісі байқалды. Бұл қоғамның өзін-өзі тануының бір көрінісі: атаулар арқылы өткен мен бүгіннің байланысы орнайды. Алайда бұл процесс кезінде кей тарихи атаулар жойылып кетуі де мүмкін, сондықтан сақтай отырып қайта қарастыру тәсілдері табылуы керек.

Төртіншіден, ономастикалық деректердің қолданбалы мүмкіндіктері кең. Олар туризмді дамыту, білім беру бағдарламаларын құру, жергілікті брендтер жасау және мәдени жобаларды жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін. Мысалы, тарихи карталар мен атаулар бойынша маршруттар құру туристер үшін тартымды болмақ; мектептер мен колледждерге арналған локалдық тарих бағдарламалары - жастар арасында өңірге деген қызығушылықты арттырады. Бесінші, әдістемелік ұсыныстар. Ономастикалық зерттеуді жүйелі жүргізу үшін келесі қадамдар ұсынылады: (1) жергілікті архивтер мен карталарды цифрландыру; (2) ауызекі тарихты жинақтау - карт тұрғындармен сұхбат жүргізу арқылы; (3) интерактивті карта жасау, онда әр атаудың шығу тегі мен түсіндірмесі көрсетіледі; (4) көптілділік факторын ескере отырып атаулардың транскрипциясы мен аудармасын ретке келтіру. Ақырында, қоғам мен зерттеушілер арасындағы байланысты нығайту маңызды. Қарағанды ономастикасын танымал ету үшін жергілікті мәдени іс-шаралар, лекция оқылымдары және мектеп жобалары ұйымдастыру қажет. Осылайша атаулар тек кітаптағы дерек емес, күнделікті өмірде қолданылатын, мағынасы түсіндірілетін және құрметтелетін элементтерге айналады. Қорытындылай келе, Қарағанды ономастикасы - өткен мен қазіргі арасындағы көпір. Оны зерттеу арқылы біз өңірдің тарихын, этникалық және тілдік күрделілігін, сонымен қатар ұлттық және жергілікті идентичностьтың қалыптасуын жақсырақ түсіне аламыз. Болашақ зерттеулер атаулардың цифрлық базасын құруға, ономастика мен экологиялық өзгерістердің өзара байланысын зерттеуге және жас ұрпаққа арналған оқыту-танымдық материалдар жасауға бағытталса, пайдалы болады.

Пайданылған әдібеттер тізімі:

1. Аршабеков Т.Т. Қарағанды облысы топонимдері. Нұр-Сұлтан: «Тіл-қазына» ҰҒПО, 2020. (382 бет).
2. Еркебаева А. «Қарағанды облысында бірнеше ауылдың атауы қазақшаланады». «Жас Алаш» республикалық газеті, 17.04.2023.
3. Карагандинская областная универсальная научная библиотека имени Н.В.Гоголя Отдел краеведения “Топонимы края”
4. "Сарыарқаның өткен тарихы" Әдістемелік-библиографиялық материалдар -Қарағанды, 2002-24бет
5. Жартыбаев А. Об этимологии некоторых топонимов Карагандинской области // Проблемы этимологии тюркских языков.-Алма-Ата, 1990.-с.307-309
6. История Караганды. Первые шаги города: рекомендательный //Библиографический указатель. - Караганда, 2014. - 47 с.
7. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимикасы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2008. - 379 б.
8. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. - Алматы: Ғылым, 1989. - 253 б.
9. Сатай СЫЗДЫҚОВ// “Арқаның алтын тәжі - ҚАРҚАРАЛЫ”

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ШУ АУДАНЫ Өңірінің Жер-су атаулары: Тарихи-мәдени және лингвистикалық талдау

Сұлтан Д.Ж..

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: dosymjansultan8@gmail.com

Андатпа: Бұл жұмыста Жамбыл облысы Шу ауданы аумағындағы жер-су атауларының (топонимдердің) шығу тегі мен олардың қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Шу өңірінің топонимдік жүйесі көне түркі тайпаларының қоныстану аймақтарынан бастап, Қазақ хандығының

құрылу кезеңі, ортағасырлық қалалардың мәдени әсері және кейінгі кеңестік-шаруашылық дәуірлерге дейінгі тарихи қабаттарды қамтиды. Ақсу, Көктөбе, Еспе, Көкқайнар, Ақтасты, Белбасар, Ескішеу, Жайсан сияқты табиғи сипатқа негізделген атаулар өңірдің ландшафтық ерекшеліктерін бейнелесе, Бәйдібек, Балуан Шолақ, Конаев, Оразалы батыр, Жиенбет секілді антропонимдер жергілікті тарихи тұлғалардың ізімен байланысты. Жанажол, Бірлік, Еңбекші, Зверохозяйство тәрізді атаулар ауданның кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-шаруашылық дамуын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері Шу топонимдерінің табиғи орта, этникалық құрылым, тарихи оқиғалар және мәдени жадпен тығыз байланыста қалыптасқанын дәлелдейді. Жұмыс материалдары өлкетану, тіл білімі, тарих, география пәндері мен ономастикалық зерттеулерде қолдануға тиімді.

Кілтсөздер: Шу ауданы, топонимика, ономастика, жер-су атаулары, табиғи атаулар, тарихи тұлғалар, көне түркі кезеңі, географиялық ерекшелік, этникалық құрылым, мәдени мұра.

Аннотация: В данной работе рассматриваются происхождение и особенности формирования названий земельно-водных объектов (топонимов) на территории Шуского района Жамбылской области. Топонимическая система Шуского региона охватывает исторические слои от периодов расселения древнетюркских племён, эпохи формирования Казахского ханства, культурного влияния средневековых городов и до более поздних советско-хозяйственных этапов. Такие природно обусловленные названия, как Ақсу, Коктөбе, Еспе, Кокқайнар, Актас, Белбасар, Эскишеу, Жайсан, отражают особенности ландшафта региона, тогда как антропонимы, такие как Байдибек, Балуан Шолақ, Кунаев, Оразалы батыр, Жиенбет, связаны с именами местных исторических личностей. Названия Жанажол, Бирлик, Енбекши, Зверохозяйство демонстрируют социально-хозяйственное развитие района в советский период. Результаты исследования подтверждают, что топонимы Шу формировались в тесной связи с природной средой, этнической структурой, историческими событиями и культурной памятью. Материалы работы могут быть полезны в краеведении, языкознании, истории, географии и ономастических исследованиях.

Ключевые слова: Шуский район, топонимика, ономастика, названия земельно-водных объектов, природные названия, исторические личности, древнетюркский период, географическая особенность, этническая структура, культурное наследие.

Abstract: This work examines the origin and formation features of place names (toponyms) in the territory of the Shu district of the Jambyl region. The toponymic system of the Shu area encompasses historical layers starting from the settlement periods of ancient Turkic tribes, the formation of the Kazakh Khanate, the cultural influence of medieval cities, and extending to the later Soviet socio-economic era. Natural landscape-based names such as Aksu, Koktobe, Espe, Kokkainar, Aktasty, Belbasar, Eskisheu, and Zhaisan reflect the region's geographical features, while anthroponyms such as Baidibek, Baluan Sholak, Kunaev, Orazaly Batyr, and Zhienbet are associated with notable historical figures of the area. Names like Zhanazhol, Birlik, Enbekshi, and Zverokhozyaystvo illustrate the district's socio-economic development during the Soviet period. The research results demonstrate that the toponyms of Shu were formed in close connection with the natural environment, ethnic composition, historical events, and cultural memory. The materials of the study can be effectively used in local history, linguistics, history, geography, and onomastic research.

Keywords: Shu district, toponymy, onomastics, place names, natural names, historical figures, ancient Turkic period, geographical feature, ethnic structure, cultural heritage.

Кіріспе: Жамбыл облысының шығыс бөлігінде орналасқан Шу ауданы -табиғатыбай, тарихи-мәдени мұрасы терең, этникалық құрамы әртүрлі аймақтардың бірі. Бұл өңірдің жер-су атаулары ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи процестердің, ру-тайпалық құрамның, шаруашылық дамудың және табиғи ерекшеліктердің көрінісі болып табылады. Топонимика ғылымы белгілі бір аймақтың атаулар жүйесін зерттеу арқылы сол жердің табиғи-географиялық ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымын, тарихи жадын, әлеуметтік байланыстарын ашуға мүмкіндік береді. Шу ауданы топонимдері өзінің құрамында көне түркі кезеңінен бастап қазіргі заманға дейінгі бірнеше тарихи қабаттарды сақтаған. Аудан аумағындағы Ақсу, Еспе, Ақтасты, Көктөбе, Көкқайнар, Белбасар, Күмөзек сияқты атаулар табиғи ортаға тікелей байланысты қалыптасқан. Бұл атаулар жер бедерінің сипатын, су көздерінің ерекшелігін, топырақ түсін немесе өсімдік жамылғысын бейнелеп, өңір табиғатының өзіндік келбетін танытады. Мұндай табиғи негіздегі топонимдер қазақ халқының кеңестікті қабылдау мәдениетін, табиғатпен байланысын көрсетеді. Сонымен қатар, Шу ауданында тарихи тұлғалар есімімен байланысты атаулар да көп кездеседі. Бәйдібек, Балуан Шолақ, Жиенбет, Сауытбек, Оразалы батыр, Конаев сияқты атаулар өңірдің тарихи-мәдени жадында орны бар адамдарды құрметтеу мақсатында қойылған. Бұл антропонимдік топонимдер қазақ қоғамындағы тұлғаға деген сыйластық, рухани сабақтастық дәстүрін дәлелдейді. Олар белгілі тұлғалардың өмірімен, ерлігімен немесе осы өңірде атқарған қызметімен байланысты. Аудан атауларының тағы бір тобын

кеңестік кезеңге тән идеологиялық немесе шаруашылық сипаттағы атаулар құрайды. Мысалы, Жаңажол, Бірлік, Еңбекші, Зверохозияство сияқты атаулар XX ғасырдағы әлеуметтік өзгерістерді, ауылшаруашылық құрылымдарының дамуын және саяси идеологияны көрсетеді. Бұл топонимдер жаңа қоныстардың пайда болуы, өндірістік шаруашылықтардың құрылуы мен елді мекендердің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде қалыптасқан.[2,308]

Осылайша, Шу ауданының топонимикалық жүйесі - табиғат, тарих, этнография және әлеуметтік өзгерістер тоғысқан көпқабатты мәдени кеңістік. Бұл жұмыстың мақсаты - Шу өңірінің ономастикалық атауларын жүйелі түрде талдап, олардың шығу тегі мен тарихи мәнін анықтау болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Бұл зерттеу жұмысының материалы ретінде Шу ауданына қатысты жинақталған топонимдер тізімі, елді мекен атаулары, табиғи географиялық нысандардың аттары, сондай-ақ тарихи тұлғаларға байланысты қойылған атаулар пайдаланылды. Зерттеу барысында ономастика, тарихи география, этнолингвистика бағыттарында еңбек еткен Е.Қойшыбаев, Т.Т.Досан, Ғ.Қоңқашбаев, В.В.Бартольд, А.Әбдірахманов сияқты ғалымдардың еңбектеріне сүйенілді. Жұмыс әдістемесі салыстырмалы-тарихи талдау, семантикалық жіктеу, топонимдердің компоненттік құрамын анықтау, деректерді жүйелеу және картографиялық салыстыру тәсілдеріне негізделді. Табиғи атаулардың мәнін ашуда географиялық сипаттамалар пайдаланылса, антропонимдік атауларды талдауда тарихи деректер мен тұлғатану материалдары қамтылды. Жиналған мәліметтерді талдау арқылы Шу ауданы топонимдерінің пайда болу заңдылықтары мен олардың тарихи-мәдени маңызы айқындалды.

Талқылау: Шу ауданының топонимиялық жүлгесі өте ежелгі дәуірлерден бастау алып, өңірдің табиғи-географиялық ортасын, тарихи-әлеуметтік өзгерістерін және этномәдени құрамын толық көрсететін күрделі жүйе болып табылады. Аудан аумағындағы жер-су атаулары бірнеше тарихи қабаттардан тұрады: көне түркі кезеңінен бастап, ортағасырлық қалалық өркениет дәуірі, Қазақ хандығы тұсы, кеңестік қоғам кезеңі және тәуелсіздік жылдарына дейінгі тарихи процестердің барлығы топонимдерде көрініс тапқан. Ең көне қабатқа табиғи сипаттағы гидронимдер мен ойконимдер жатады. Шу өңіріндегі Ақсу атауы көне түркі тілдеріндегі «ақ түсті, тасты өзен», «мөлдір, көбік шашқан ағыс» деген мағыналарды береді. Мұндай атаулар ерте дәуірлерде қалыптасып, сол заманғы тұрғындардың табиғатты қабылдауы мен шаруашылық бағыттарын көрсетеді. Еспе атауы да сол табиғи сипатқа қатысты: ол құмдардың сусымалы, желмен жылжып отыратын қасиетіне байланысты қойылған. Шу өңірінің географиялық ерекшеліктерін нақты бейнелейтін Күмөзек («күмді өзек»), «майдақұмды арна») пен Көкқайнар («көкшіл түсті бұлақ», «жер асты суы атқылайтын қайнар») атаулары да табиғатпен етене байланысты ежелгі атаулар қатарына енеді. Бұл топонимдер халықтың қоршаған ортаны дәл сипаттап, оны тіршілік үшін тиімді пайдаланғанын аңғартады. [2,312,322] Ортағасырлық кезеңнің көріністері де аудан атауларында айқын сақталған. Ескішеу (Ескішу) атауы - бұл аймақта бұрын қоныс, қала немесе ауыл орны болғанын дәлелдейтін маңызды топоним. «Ескі» компоненті тарихи қоныстанудың ізін білдіреді, ал Шу бойында ортағасырлық қалалар көп болғаны белгілі. Осы кезеңмен байланысты басқа атаулар - Ақтасты (Ақтас) және Ақтөбе. «Ақ» компоненті табиғи реңкті бейнелесе, «тас», «төбе» сөздері ескі қоныстардың, қалашықтар немесе бекіністердің орындарын көрсетуі мүмкін. Мұндай атаулар Шу өңірінің ортағасырлық өркениетпен тығыз байланысын айқындайды. Қазақ хандығы және кейінгі дәстүрлі қоғам кезеңіне байланысты антропонимдік топонимдер ерекше маңызға ие. Аудан аумағындағы Бәйдібек, Жиенбет, Оразалы батыр, Балуан Шолақ, Сауытбек сияқты атаулар белгілі тарихи тұлғаларға, би-батырларға, мәдениет қайраткерлеріне қатысты. Бұл атаулар өңірдің рухани-мәдени жадын сақтау қызметін атқарып, халықтың өткенге деген құрметін көрсетеді. Мәселен, Бәйдібек би - қазақ рулық-тайпалық құрылымының тарихында ерекше орны бар тұлға, ал Балуан Шолақ - ұлттық мәдениет пен өнердің ірі өкілі. Мұндай атаулар белгілі есімдердің ұрпақ жадына орнығуын қамтамасыз етеді. Кеңестік кезең топонимдеріне қоғамның социалистік идеологиясы мен шаруашылық құрылымын бейнелейтін атаулар тән. Жаңажол, Бірлік, Еңбекші, Зверохозияство сияқты атаулар жаңа қоныстардың, өндірістік шаруашылықтардың және ауылдық елді мекендердің пайда болуымен байланысты. Бұл атаулар кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің, ұжымдастыру мен жаңа аграрлық жүйенің ықпалын көрсетеді. [2,310]

Жалпы алғанда, Шу ауданы топонимдері өңірдің табиғи ландшафын дәл сипаттаумен қатар, тарихи-әлеуметтік даму кезеңдерін сақтап тұрған бірегей мәдени-тарихи дерек көзі болып табылады. Табиғи гидронимдер мен ойконимдер көне дәуірлердің ізін жеткізсе, антропонимдер халықтың тарихи жадын айғақтайды, ал кеңестік атаулар XX ғасырдағы қоғамдық трансформацияның куәсі ретінде

калып отыр. Осылайша, Шу ауданы топонимиясы - өңірдің этномәдени, тарихи және географиялық болмысын көпқабатты түрде сақтаған құнды ономастикалық жүйе.

Нәтиже: Жүргізілген зерттеу Шу ауданы аумағындағы ономастикалық атаулардың тарихи-этнолингвистикалық, географиялық және мәдени-өркениеттік маңызы өте жоғары екенін көрсетті. Материалдарды кешенді талдау аймақтың атаулары кездейсоқ қойылмағанын, олардың әрқайсысы сол өңірдегі табиғи жағдайды, әлеуметтік қатынастарды, шаруашылық түрлерін және тарихи процестерді дәл бейнелейтінін айқын көрсетті. Шу ауданының ономастикалық жүйесі ең алдымен көне түркі дүниетанымымен, көшпелі шаруашылық ерекшеліктерімен және табиғи ландшафтпен тығыз байланысты. Аудан аумағында кездесетін Жайсаң, Кеңес, Бәйтерек, Көкқайнар, Ақтөбе, Тасөткел, Қорағаты, Тарығатты, Бесағаш, Әлмұрат, Шоқпар, Екінші, Жайдақкөл, Құмөзек, Сарысу сияқты атаулар табиғи нысандардың ерекшелігін, жер бедерінің сипатын немесе сол жерді қоныстанған ру-тайпа топтарының атауын көрсетеді. Бұл фактілер өңірдің ономастикасы географиялық сипаттама мен тікелей қабысып жатқанын дәлелдейді. Мәселен, Көкқайнар, Талдықайнар, Қарақоңыз сияқты атаулар - су көздерінің молдығын, бұлақтардың орналасуын білдіреді. Көшпелі өмір салтында су нысандары аса маңызды болғандықтан, мұндай гидронимдер белгілі бір қауымның тіршілік ету, қоныс таңдау, мал бағу үрдісінде бағдарлық қызмет атқарған. Осыған ұқсас Тасөткел, Көлқайнар, Жайдақкөл, Сарысу, Ырғайты, Теректі сияқты су, көл, өзен атаулары табиғаттың нақты белгілеріне негізделгенін көрсетеді. Мұның өзі Шу өңірінің ономастикалық жүйесі табиғи-ландшафттық факторларға тікелей тәуелді болғанын дәлелдейді. Зерттеу барысында айқындалған тағы бір маңызды ерекшелік - антропонимдік және тарихи тұлғалармен байланысты атаулардың көптігі. Мысалы, Бауыржан Момышұлы, Бағанаты Шопан, Көшек батыр, Шоқпар батыр, Кеңес үкіметі қайраткерлері, сондай-ақ ауыл мен қыстақ аттарының ішінде кездесетін есім-атаулар халықтың тарихи жадының сақталуына ықпал етеді. Бұл атаулар белгілі бір тарихи оқиғаларға, тұлғалардың ел қорғаудағы еңбегіне, рухани мұрасына байланысты қойылған. Бұл фактор өңір ономастикасының тек тілдік емес, сонымен бірге мемориалдық қызмет атқарғанын көрсетеді. Жиналған материалдар Шу ауданындағы көптеген атаулардың тілдік-этимологиялық негізін түсіндіруге мүмкіндік берді. Мысалы, Қарабастау, Ақтөбе, Төмеңгіаққайнар, Жіңішке, Жаңақоғам, Тасмұрын, Қосқұдық, Бірлік, Енбек, Жайсаң атауларында түркі тілдеріне тән сипаттамалық сөздер жиі кездеседі. Бұл атаулардың түбірі - жер бедерін, рельефті, жыныстардың түсін, топырақтың құрамын немесе мал шаруашылығына байланысты белгіні білдіреді. Осылайша, өңір топонимдерінің негізгі бөлігі тұрмыстық-прагматикалық қажеттіліктен туғаны байқалады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі Шу өңіріндегі ономастикалық жүйенің әлеуметтік-экономикалық дамумен байланысын да көрсетті. Көптеген елді мекендер атаулары XX ғасырдың ортасы мен соңында ауыл шаруашылығын дамыту, жаңа қоныстар салу, теміржол және өндіріс орындарын ашу кезеңінде пайда болған.

Мысалы, Бесағаш, Өтеген, Жаңақоғам, Айнатас секілді атаулар белгілі бір шаруашылық объектілерінің (ферма, егіс алқабы, қойнау, өткел) пайда болуына байланысты қалыптасқан. Зерттеудің маңызды қортындысының бірі - Шу ауданының ономастикалық атаулары этнолингвистикалық көпқабаттылыққа ие. Атаулардың бір бөлігі көне түркілік қабатқа жатады, бір бөлігі кеңестік кезеңнің тілдік таңбаларын сақтайды, ал енді бірі тәуелсіздік жылдарындағы тарихи-мәдени жаңғыруды бейнелейді. Бұл қабаттардың барлығы жинақтала келе аймақтың күрделі тарихи дамуын, этникалық құрамының әр кезеңдегі өзгерісін және мәдени динамикасын көрсетеді. Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу Шу ауданы ономастикасының аймақтың тарихи-мәдени мұрасын тануда ерекше орын алатынын дәлелдеді. Топонимдер - өткен өмірдің тілдік коды, халықтың шаруашылығы мен болмысын бейнелейтін құжат, ал олардың жүйелі түрде зерттелуі ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға зор үлес қосады. Сондықтан Шу ауданының ономастикалық қорын сақтау, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу - өңірдің де, жалпы Қазақстанның да тарихи-мәдени мұрасын қорғауда стратегиялық маңызы бар міндет.

Қорытынды: Жүргізілген зерттеу Шу ауданының ономастикалық атаулары аймақтың тарихи, географиялық және этномәдени даму үдерістерін жан-жақты бейнелейтін маңызды лингвистикалық-мәдени жүйе екенін анық көрсетті. Жиналған материалдар мен талданған деректерге сүйене отырып, өңір ономастикасының көпқабатты құрылымға ие екені белгілі болды. Біріншіден, аудандағы табиғи нысандардың атаулары-өзен, бұлақ, тау, жазық, қоныс және жайылым аттары - сол жердің нақты табиғи сипатын дәл көрсетеді. Көкқайнар, Талдықайнар, Сарысу, Ырғайты, Тасөткел, Жайдақкөл сияқты атаулар табиғатпен тікелей байланысты және тарихи кезеңдерде жергілікті халық үшін бағдарлық қызмет атқарған. Екіншіден, антропонимдік және мемориалды атаулардың көптеп кездесуі өңірдің тарихи жадын сақтау дәстүрінің мықты болғанын аңғартады. Бауыржан Момышұлы, Бауыржан Шопан, Шоқпар батыр, Кеңес ауылдары секілді атаулар белгілі тарихи тұлғалардың еңбегін, ел

қорғаудағы рөлін және халық сый- құрметін көрсетеді. Бұл ономастикалық қабат-аймақтың рухани-әлеуметтік тарихының айғағы. Үшіншіден, елді мекендер мен шаруашылық қоныстарының атауларынан өңірдің экономикалық-әлеуметтік өзгерістері де көрінеді. Кеңестік кезеңдегі жаңа қоныстардың, фермалардың, совхоздардың, теміржол станцияларының пайда болуы атаулардың бір бөлігінің өзгеруіне ықпал еткен. Жалпы алғанда, Шу ауданының ономастикалық жүйесі - тілдік құбылыс қана емес, аймақтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын және шаруашылық өмірін сақтап тұрған құнды деректер жиынтығы. Оны зерттеу мен сақтау ұлттық тарихи жадының ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ Совет Энциклопедиясының” 8-томы.
2. Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 808 бет.
3. О присвоении наименований и переименовании отдельных административно-территориальных единиц Республики Казахстан https://adilet.zan.kz/rus/docs/P920008000_
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Топонимика бөлімі. Алматы: Рауан, 2011.
5. Шу өңірі энциклопедиясы. Асаба баспасы, 2010.
6. Әбдірахманов, А. Т. «Топонимика және ономастика негіздері». - Алматы: Рауан, 1995.

САҚТАРДЫҢ ЖЫЛҚЫМЕН БІРГЕ ЖЕРЛЕНУІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР, ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Сайранова З.О.

Ғылыми жетекші: Қарсыбаева Ж.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

zarinasayranova7@gmail.com

Қарағанды қаласы

Еуразия көшпелілерінің б.з.д. I мыңжылдығындағы аңдық стилі бір негізгі ерекшелікпен айқындалады - жануар бейнелерінің басым болуы және оның формалық белгілерін анықтайтын көркемдік тәсілдердің тұтас жүйесі. Дәл осы белгілер ғылыми ортада көп талқы тудыратын мәселеге айналып отыр. [1, 6 б.].

Бұл мәселеге ерекше мән беріп, оны өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған зерттеушілер қатарына Ростовцев М.И., Боровко Г.И., Смирнов К.Ф., Членова Н.Л., Шкурко А.И., Шер Я.А., Переводчикова Е.В., Королькова Е.Ф., Канторович А.Р., Полидович Ю.Б., Богданов Е.С. және басқа да ғалымдар жатады. [2, 116 б.]. Сақтардың жылқымен бірге жерленуі, аң стилімен тағыз байланысы - олардың дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін маңызды археологиялық құбылыс. Бұл дәстүр көшпелі өмір салтының, жауынгерлік мәдениеттің және жылқының сакралды мәртебесінің айқын көрінісі болғандықтан, оны зерттеу бүгінгі күнде де өзекті. Жерлеу рәсімдеріндегі жылқы бейнесі сақтардың мифологиялық түсініктерін, саяси иерархиясын және этнографиялық мұраның сабақтастығын айқындауға көмектеседі. Тақырыптың таңдалуы - археологиялық деректер арқылы сақ қоғамының рухани дүниесін, әлеуметтік рөлдерді және мәдени-идеологиялық жүйені жаңаша талдауға мүмкіндік беретінімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, жылқымен бірге жерлеу феноменін зерттеу қазіргі түркі халықтарының дәстүрлік кодтарымен байланысын анықтауға да жол ашады.

Ежелгі қоғамдардың өмір мен өлім туралы түсініктері жерлеу рәсімдерінде айқын көрініс табады. Мәйіттің ұйықтап жатқан не эмбрион қалпында жерленуі - марқұмның оянуын немесе қайта дүниеге келуін меңзейтін символдық мәнге ие. Дененің бағытталуы да маңызды рөл атқарады, өйткені ол марқұмның «о дүниеге» баратын жолын айқындайтын бағдар ретінде қарастырылған. Жерлеу рәсімі нақты белгіленген әрекеттер мен арнайы заттар кешенінен құралды. Әрбір элемент-дененің орналасуы, қолданылған әшекейлердің сипаты, қару-жарақтың қойылуы, тұрмыстық заттар мен ыдыстардың түрі - марқұмның мәртебесі мен қоғамдағы орнын көрсететін маңызды көрсеткіш болып саналды.

Археологиялық жерлеу ерекшеліктеріне келетін болсақ, қорғандар скиф дәуіріндегі көшпелі мәдениеттердің өмірін реконструкциялау үшін ең маңызды археологиялық дереккөздердің бірі болып табылады және олардың материалдық мәдениеті мен жерлеу рәсімдері негізінде әлем жөніндегі түсініктерін көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді. Қорғандардың құрылысы мен құрылымы